

"Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 ақпандағы N 152

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін басқаруды жетілдіру, жекешелендіру процесін монополиясыздандыру және тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін ұйымдардың, кәсіпорындардың мемлекет мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқын, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың акциялардың мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын қайтып алсын.

2. Ұсақ көмір кен орындарын игерудің стратегиясын үйлестіру және жасау қызметі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.

3. Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын жіктерінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер мен ұйымдардың қатты отынға деген сұранысын қамтамасыз ету облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулы күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде:

"Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кірген ұйымдар мен кәсіпорындардың акцияларының мемлекеттік пакетін ұстаушыны белгілесін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясының міндеттемелері мен мүліктік құқықтары бойынша құқықтық мұрагерді айқындасын.

6. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қарашадағы N 1108 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 518-бап);

"Отын" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қарашадағы N 1164 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қарашадағы N 1108 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің 1994 жылғы 10 қазандағы N 1132 қаулысы.

7. Осы қаулы 1995 жылдың 15 наурызынан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК